




ИМАНИ ПЕДАГОГИКА- НЫҢ ТӘРБИЕЛЕУ МҰРАТЫ МЕН МАҚСАТЫ





Иманипедагогикада тәрбиелеудің түпкі мұраты -кемел кісі қалыптастыру болып табылады.Кемел кісі қалыптасуы іс-әрекеті ұзақ уақыт бойында,ыждаһаттылықпен жүргізілген педагогикалық кешенді процесстің нәтижесінде жүзеге асады.Ол бірнеше кезеңдер мен белестерді басып өтіп,дамудың сан-салалы сатыларын бастан кешіріп,түпкі мұратына жету жолында алдына ашық айқын мақсаттар қояды.Осы мақсаттың алғашқысы-«иманды ұл,ибалы қыз» тәриелеу болмақ. «..Адамға ең бірінші керегі білім емес, тәрбие. Тәрбиесіз білім-адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның өміріне апат әкеледі”- деп әл- Фараби бабамыз айтқандай, педагогика ғылымы зерттейтін негізгі категорияларының бірі-тәрбие. Тәрбие адам тағдырын ойластырады, болжайды, алдын- ала адамның рухани өмірінің көптеген негіздерін сақтайды, тәрбие алыс пен жақын адамдарға және өзін қоршаған ортаға қатынас орнатуға бағдарлайды.Тәрбие ұлылар өсиетін сақтата отырып, олардың тәрбиелік құндылықтарын ұрпақтан-ұрпаққа жеткізеді. Педагогикалық іс-әрекет мұрат-мақсатсыз ешқашан жүзеге асқан емес.Осы заманғы педагогикада. баланың жеке басының дамуы мен қалыптасуына ықпал ететін үш негізгі фактор бар деп көрсетеді. Ол тұқым қуалаушылық (ішкі жағдай), орта мен тәрбие (сыртқы жағдайлар). Осы үш фактор баланың дамуына қалай әсер ететінін олар өзара қарым- қатынаста болатынын, қайсы және қашан жетекші болып шығатыны туралы мәселенің өте зор ғылыми және практикалық маңызы бар. Тәрбие адамның дамуына әрқашан мақсат көздеп, ықпал ету болып табылады. Адам қажеттілікті қанағаттандыру көзі болатын қоршаған ортаға тәуелді бола отырып, оған белсенді түрде ықпал етеді, оны және өзін мақсатты іс- әрекет процесінде саналы түрде қайта құрады. Сондықтан да адамның саналы түрдегі белсенді іс-әрекеті оның жеке басын қалыптастырудың негізі.Осы заңдылықты қазақ халқы ертеден түсінген. Өзгешелігі-қоршаған ортаны өзгертіп қайта құруға басты мән беруден гөрі оған икемделіп тіршілдік етуді көбірек ойластырған. Алғашқы қауымдық құрылыстан біздің заманға шеру тартатын мәдениет дәстүрі сабақтастығын тиянақтап зерделесек, оның казіргі педагогика жетістіктерінің ілкі бастауында орны бар екендігіне көз жеткіземіз.Қоғам дамуының заңдылықтары демей –ақ, әдеп тағылымдарының өзі діни-имандылық нормалардан бастау алғандары бар.Қай дін болмасын тұлғаның дұрыс қалыптасуына қажетті тәрбиелік, этикалық,мінез-құлықтық міндет-шарттарды қатаң реттеп отырған.Тәрбиелеу үшін мақсатты бағытталған белсенді әрекетке ынталандырмай, жоспарланған мінез бітісін де орнықтыруға болмайды.Жаттықтыру мәні-талап етілген әрекеттерді көп мәрте қайталаумен автоматты орындалу дәрежесіне жеткізу.

Жаттығулар нәтижесі-тұлғаның бекіген сапалары: әдептер мен дағдылар. Қоғамдық мақсаты бар әрекеттің бәрі, жас ұрпақты дамытатын және тәрбиелейтін мүмкіндіктерге ие. Сондай кез келген әрекеттің тек өзіне тән білім, біліктері бар. Бір әрекет түрімен бүкіл дүниені меңгерту мүмкін емес, сондықтан да тәрбиеде кешенді әрекеттер жүйесі қолданылып келген. Қай заманда болмасын адамзат алдында тұратын ұлы мұрат-міндеттерінің ең бастысы-өзінің ісін, өмірін жалғастыратын салауатты, саналы ұрпақ тәрбиелеу. Тәрбие – жас ұрпаққа білік пен дағды қалыптастыру процесі. Бұл арнайы ұйымдастырылған, басқарылатын және бақыланатын, соңғы нәтижесі қоғамға қажет және пайдалы «кісі» қалыптастыру болып табылатын тәрбиешілер мен тәрбиеленушілердің өзара іс-әрекеті.

«Баланы ұлша тәрбиелесең-ұл, құлша тәрбиелесең-құл бол-мақшы.» (Абайтұр-сынұлы.) Жер бетіндегі әр ұлттың мақсаты – өз ұрпағының бойында адамдық қасиет, ұлттық рух пен мәдениеттің күш-қуатын қалыптастыру, ұлттың болмысын, оның өмір сүру тәсілі мен тәжірибесін, тәрбие ықпалының жолы мен бағытын ұғындыру. М.Жұмабаевтың: «Баланы тәрбиеші дәл өзіндей қылып емес, келешек заманына лайық қылып шығаруы қажет,» - деген ойы тәрбиені келер күн талабымен ұштастыруды ескерткен. Әзірет Әлі атамыз: «Баланы өзімдей бол деп үйретпе, өзімдей болма деп үйрет», - деген екен. Ұлттық тәрбиенің мұраты мен мақсатын айқындап, жоба көрсеткен, ғалымдар-ымыздың ой-пікіріне көз жүгіртелік. Мақсат дегеніміз – бір нәрсеге ұмтылу, іске асыру және нәтижеге жету. Тәрбие мақсаты жастарды – өмірге әзірлеу мақсатымен жүргізілетін тәрбие жұмыстарының нәтижесін ерте болжау. М.М.Тілеужанов өзінің "Қазақ тағылымы"(1994) атты монографиясында тәрбиенің ұлттық мақсаттарын атап көрсетті. Олар: ар – ождан тазалығын сақтау; ақыл-ойлы, парасатты болу; барлық әрекетінен, сөйлеген сөзінен, қарым-қатысынан, көзқарасынан ғибрат иісі аңқып тұру; ерте тұрып, кеш жату; аз сөйлеп, көп тыңдау; иманды, инабатты, қайырымды болу; жас ұрпаққа тәрбие беруден жалықпау; халық дәстүріне берік болу; оны жаңарту; әдет-ғұрыпта жоқ нәрселерден аулақ болу; сегіз қырлы, бір сырлы болу; халқының рухына кір салмау; ел берекесін сақтап, оның баюына үлес қосу. Сонымен дәстүрлі педагогикада жас ұрпақты тәрбиелеудің негізгі мақсаты "жан-жақты үйлесімді дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру" - деп жазды. М.Жұмабаев: «Көркем денелі, түзу ойлайтын, дәл пішетін, дәл табатын ақылды болса, сұлу сөз, сиқырлы үн, әдемі түрден ләззат алып, жаны толқынарлық болса, баланың дұрыс тәрбие алып шын адам болғандығы» деді. Әулет мектебііндегі тәрбие ісі, ғалым Ш. Ахметовтың зерттеулерінде негізінен басты-басты сегіз түрлі



мәселені қамтыған. Біріншіден, тәрбие басы алдымен әдептілікке үйретуге үйретуді көздеген, әке-шеше баласына «әдепті бол» дегенді басты міндет етіп қойған. Екіншіден, олар баланы қайрымды, иманды, мейрімді болуға тәрбиелеген. Үшіншіден, тілалғыш, елгезек болуға баулыған. Төртіншіден, адал, шыншыл болуға үйреткен. Бесіншіден, өнегелі ұстаз бен көпті көрген қарияның сөзін тыңдап, «қаппа құлақ болмай құймақұлақ бол» дегенді бойларына біртіндеп сіңіре білген. Алтыншыдан, үлкенді, ата-ананы сыйлап құрметтеуге үйретуді ең басты міндет етіп қойған. Жетіншіден, кісі айыбын бетіне баспай, біреуге орынсыз тіл тигізбейтін әдепті азамат бол, әсіресе қаріп-қасер-лепрдің табиғи кемдігін (мұрны пұшық аяғы ақсақ т.б.) бетіне баспа деп үйреткен. Сегізіншіден, ел қорғаған батыр бол. Халық алдында қызмет ет, бар өнерінді соған жұмса дегенді ерінбей-жалықпай айтып қана қоймай, жеке өнегелер арқылы көрсетіп отырған. Ал, ғалым Қ.Жарықбаев: «Ғасырлар бойы көшіп-қонып жүрген халық өзі өмір сүрген ортаның әлеуметтік-экономикалық жағдайларына, мәдениеті мен тарихына, табиғатына орайлас жас буынға тәлім-тәрбие берудің артықша талап-тілектерін өмірге әкелді. Мәселен, бұлар, жас адамның жұртқа танымал моральдық-психологиялық нормасын «сегіз қырлы, бір сырлы» делінетін қанатты нақыл сөздерімен қисындады. Осынау аталы сөздің мән-мағынасы мыналар еді. Көшпелі малшаруашылығын жете игеру; еңбексүйгіштік пен қиыншылыққа төзе білу, ел намысын қорғау, жаудан беті қайтпау, ата тегін жадында сақтау, сөз асылын қастерлеу, тапқырлық пен алғырлық, ат құлағында ойнау, ата салтын бұзбау, жасы үлкенді сыйлау, құдайы қонақтың мәселін қайтармақ, көрші қақын жемеу, т.б.)» деген қорытынды жасаған. Ұлттық тәрбие мұратын анағұрлым терең қарастырған ғалым, С.Қалиев: «Халық педагогикасының негізгі мақсаты-өзінің бай тарихи тәжірибесіне сүйене отырып, келер ұрпақты еңбексүйгіштікке, өнерге баулу, жанұя, ауыл-аймақ, Отанның ар-намысын қорғай білетін, жаны жайсаң, арлы азамат тәрбиелеу болды» дей келе «сегіз қырлы, бір сырлы», мінезі майда, ары таза, тәні сау, өнегелі-өнерлі, жан-жақты жетілген, «толық адам» тәрбиелеу дейді. Оны кестелеп көрсетеді.


-Ақылды, арлы, намысқой азамат болуын қарастыру; -Еңбек сүйгіш елгезек етіп тәрбиелеу:

-Тән сұлулығын қарастыру; әсемдікке баулу: -Адамгершілік қасиеттерге (ізгілікке, имандылыққа, қайрымдылыққа, адалдыққа т.б.) тәрбиелеу; -Отан сүйгіштікке, ұлтжандылыққа, бүкіл адам баласын сүйуге тәрбиелеу; -«Жігітке жетпіс өнер аз», «Өнер өрге сүйрейді» деп қарап, өнер мен білімді насихаттау. -Табиғатты, қоршаған ортаны аялауға тәрбиелеу.

-Денені шынықтыруға тәрбиелеу. Ал,Ә.Табылдиев: «Ер бала әке жолын қуып, «әкеден асып туып»,қатарынан қалмай,алдына қойған мақсаттарын абырой-мен орындауға брышты;елін қорғау,еңбек ету, ата-анасын ардақтау,өнер үйрену,күш-жігерлі болу,айтқан сөзінде тұру әділетті болу,біреуге жалыншты кіріптар болмау,әйел адамды құрметтей білу,жасық болмау, т.б. қасиеттерді бойына сіңіру...»деп жазады. Бұлар қазақ ұлт өкілінің бойынан табылуға тиісті негізгі қасиеттер,ата-бабамыздың арман тілегі,тәбиелеудің түпкі мақсаты.



Қазақ тәлім-тәрбиелік үрдісі бойынша,бірінші мүшелде ұлт өкілі қалыптасудың негізі қаланып,екінші мүшелде ол нығайып бекіп,адамның қалған ғұмырында дамып жетіледі деп есептеледі. Бірінші мүшелдің екінші жартысында бала қауымы ұл мен қыз болып екіге дараланып оларды тәрбиелеу мақсаты мен құралдарында, амал-тәсілдерінде айырмашылық пайда болады. Түрік дәуірінде: «Бек ұл,пәк қыз» тәрбиелеу мақсаты қойылса, оғуз дәуірінде «иманды ұл,ибалы қыз»,ғұн,сақ дәуірінде «батыр ұл, батыл қыз» немесе «Ер жігіт,батыр қыз» тәрбиелеу мақсаттары басқа тәрбиеден басымдылық алған.Анығырақ айтқанда дәуір талабы,тәрбие мақсаттарын айқындап отырған.Осы негізде тәрбиелеу қазақ ілім-інде: «Жұртыңды сақтап қалғың келсе ұлыңды дұрыстап тәрбиеле, ұлтыңды сақтап қалғың келсе қызыңды дұрыстап тәрбиле» деген қатаң қағида қалыптасқан. «Ұлын тәрбиелей алмаған құл етеді,қызын тәрбиелей алмаған күң етеді» деп ерекше ескерткен.Ел іргесін жаудан сақтап қалатын: «сұңғақ бойлы,терең ойлы,қырандай алғыр,көсем жігіт,ел басқара алатын шешен жігіт,еліне қорған болатын алаберен өнерлі ұл» тәрбиелеп өсіру сол дәуірлерде басты мұрат болған. Байырғы қазақ елінің асқақ адамгершілік мұраттарына иек артқан болашақ ұрпақтың тәлім тәрбиесі мен үлгі өнегесінің ең шарықтау шыңы-жеке бастың таза да,ұятты болуы екендігі тар мағынасында баршаға белгілі.Ата-бабамыз ар тазалығын бәрінен де биік қойған. Сондықтан да, қасиетті халқымыз адамгершілік хақындағы асқаралы асыл түйсігін «малым жанымның садағасы, жаным арымның садағасы» деген нақылмен жеткізген. Ұлға отыз үйден,қызға қырық үйден тыйым сала білген бабаларымыз:«кұлықты ұл,қылықты қыз», «өнерлі ұл, шебер қыз», «айдарлы ұл,тұлымды қыз», «айбарлы ұл,ақылды қыз», «ісмер ұл,істі қыз», «шешен жігіт,ақын қыз» «ер жігіт,есті қыз», «ақылды жігіт,арлы қыз», «намысты ұл,өрелі қыз», «өрелі жігіт, өнерлі қыз», «аяулы азамат, асыл жар», « Қазақ жігіт,Қазақ қыз» қатарлы тәрбиелеу мақсаттарын алдарына қойып, өте нәтижелі тәрбиелеп келгендігіне тарих куә.Олардың бойындағы адамдық асыл қасиеттер мен өнер үлгісі тасқа қашалып,ағашқа ойылып,қағазға хатталып жазылған.Күллі шығармашылық еңбектерге арқау болып бүгінге жеткен.Қазақтың осындай аты аңызға,ісі



өнеге айналып, өнері қазақ даласының ауасына сіңісіп, жеріне жұтысқан ұл мен қыздарын мың-мыңдап атауға болады. Мейлі олар аз болсын, көп болсын ең бастысы, кісілік қасиеттері ортақ болған. Міне осы қасиеттерді жиынтықтап: «Жігіт сегіз қырлы бір сырлы болсын» деген Қазақ ағамыз әлеуметтік-экономикалық және тарихи географиялық жағдайларға сәйкес қазақ халқының жас ұрпақ тәрбиесінде өзіндік ерекшеліктерді де мұқият ескерген. Осыған сәйкес ұлттық тәрбие мұраттары мен тәрбие мақсатында дәуір талабына сай белгілі дәрежеде өзгерістер болып отырған. Ал, тәрбиенің түпкілікті іргетасында, дінінде айтарлықтай өзгеріс болмаған. Жалпы алғанда, ол: өмірге қажетті, маңызды білік дағдыларды игерту, денсаулығын шынықтыру, еңбекке баулу, табиғатты, туған жерін, өскен ортасын сүйуге тәрбиелеу еді. Қазақ тәрбие ілімінде «Қазақ жігіт, Қазақ қыз» деген ұғым ең қастерлі, ең дәрежелі ардақты, аруақты рәміз. Бұл атаққа дақ түсірмей, даңқын зорайтып өнеге көрсеткен қазақ ұл, қыздарының аты тарихта, жүректе мәңгі сақталған. Жігіт деген сөздің шығу тегі біздің ойымызша: түріктің: иг-ер-жигер, жігеригдірілген-жігерлен-дірілген-тәрбие-ленген-бозбала болу керек. Бозбала-боз-да-ғым-боз-оқтан шыққан. Бір кезде жігіт деудің орнына ер деген сөз қолданылған. Ер-жігіт тіркесі кәзірде қолданыста бар. Ал жігіттің сегіз қыры нені көрсетеді? «Атаның ұлы болма, адамның ұлы бол»-деп уағыздайтын халқымыз жаныған жағы жетіле беретін көп қырлы алмас тәрізді қазақ жігітін қиялында бейнелеп, арманында қазақ азаматының сұлбасын сызып кескіндеген. Сол, азаматтың-ұлт өкілінің, адамгершілік асыл қасиеттері де сегіз қырлы болсын деген. Бұл қасиеттерді дана, ғұлама, шешен, би аталарымыз ауызша да, жазбаша да бізге жеткізе білген. Абай бабамыз: «талап еңбек, терең ой, қанағат, рахым ойлап қой» десе, Шәкерім ағамыз: «таза ақыл, ақ жүрек, адал еңбекті» атаған. Саққұлақ би: «адам басшысы-ақыл, жетекшісі-талап, жолаушысы-мінез, сынау-шысы- халық» депті. Халық арасында «алты асқар» деген ұғым бар. Олар: ақыл, білім, жомарттық, әділдік, шыншылдық, кеңпейіл. Адамның жеті серігі деген ұғымда: шолғыншысы-ат, қорғаушысы-аруақ десе, үш қуаты ретінде-тіл, ақыл, жүрек аталған. Ал, адамның үш тоқтамы ретінде; ақыл-арқан, өй-өріс, адам-қазық делінген. Міне, осылар мен басқа дәйекті ескере отырып, жігіттің сегіз қырын; нұрлы ақыл, жібек мінез, тұнық иман, адал еңбек, терең ой, қаһарман қайрат, өршіл талап, өшпес өнер-деп тұжырымдаймыз.

Қазақтар қолмен, аспаппен, сайманмен, қарумен ғана емес, ақыл-оймен атқарылатын күллі еңбекті де өшпес өнер деп түсінген. Мәселен, малды мүшелеп сойып, кәделеп жіліктеу де, қолмен шымши орап тоқу да, жас ұрпақты асырап-бағып тәрбиелеу де, құс салып саят құру да, ат баптап бәйгеге қосу да, хаттап кітап


жазу да, т.с.с. бәрін өнерге санаған. Сондықтан да, «жігітке жетпіс өнер де аз» деген Ал, бір сырлы деген не?

Қазақ ұғымында, жұмыр жерде және басқа әлемде (астыңғы, үстіңгі) адам тектес жануарлар (кісікиік, малғұн-мақұлық, басқа әлем қонақтары, қор қыздары т.б.), албасты, ібіліс, жың-пері, шайтан-елес, тым көп. Бұлардың бірсыпырасында, адамдарда болуға тиісті барлық қасиет, іс-әрекет бар. Біршамасында тек рух жоқ. Ал, қалғандарында рух болғанымен жүрек жоқ. Басқаша айтқанда, жүрексіз рухтар, жың-шайтан, елес түрінде кезіп жүр.

Қазақ ғұламалары: - рухтың мекені - жүрек, хабаршысы - ұят, қанаты - ой екенін, ал, рухани жетілудің, адамгершіліктің мәні - Махаббат пен Парасатты, шығармашылық ерікті дамыту - екендігін айтып кеткен. Таза ақылдың тамыры да, ар-ұяттың ұясы да, намыс пен жігердің бастауы да - осы Жүрек. Жүрек - рухтың қамалы. Егер адамның жансарайын жайып салып, ашып көретін мүмкіндік болса, Жүрек сыры - бірден көзге түсер, алтын сандық асылы - Рух танылар еді. Ол берік қорған ішінде таза да, табиғи қалпында сақталады. Қазақ жігітінің бір сыры - осы рух. Рух - кісінің бәрінде бар, бірақ, дәрежесі әрқилы. Рух - жүрекке қонақтамаса, қорғанын таппаса, елеске айналып кетеді. Немесе жанмен бірге бейіште сая табуы керек.

«Қазақ қызы» үшін осы сегіз қасиетке қоса әсемдік пен ибалықтың болуы шарт. Қыздың қимасы ары пен ибасы деп қазақ бекер айтпаған. Қыз баланың өмірде алатын орнының, жаратылысының ерекшелігіне байланысты тәрбие мақсатында да өзгешелік бар. Қыз бала өзінің әдептілігімен, ізеттілігімен, сезімтал сергектігімен жаныңды жадыра-тады. Қыздар жүрген жер көрікті де көңілді, күміс күлкі, әсем ән, асыл нәзік сезім дегендердің бәрі де соларға тән нәрсе. Сондықтан халқымыз қыз баланы ежелден-ақ ерекше ардақтап, мәпелеп өсіріп келеді, осы негізде мынандай тәрбие дәстүрі қалыптасқан. Қызды жас кезінен көздің қарашығындай сақтап, әлпештеп, мәпелеп өсіру, оның ақылды да әдепті болуына жан салу, ар - намысын қорғауға келгенде маңына жан жуытпайтын қаһарлы да, қалша етіп шыңдау, балқыған, толқыған, еліктегіш шағында қызға қырық үйден тыйым салуы, қызды ерекше эстетикалық шеберлік пен нәзіктік тілейтін еңбекке (кесте, өрнек, т.б.) баулу, әсем киініп, көркем сөз, ән күй секілді өнермен тәрбиелеу, әсемдіктің ортасында малшыдырып (әшекей тағу, асыл металл ілуден қазақ қыздары үнді қыздарынан кем түспеген) тұрмыс кештіру қазақтың қыз тәрбиесінде ерекше мән беруі, білім-дағды игертуде айрықша амал-тәсілі, мақсаты болғандығын көрсетеді. Қазақтың қыз тәрбиелеу-дегі мұратын, негізгі мақсатын Ә. Табылдиев тамаша тұжырымдаған. «Халық өсіп келе жатқан қыздың алдына өмірлік міндеттер қойып, оны орындау

қыздың абыройы деп санаған;ізетті болу,әсем киіну, әкені күту,



сөйлемей,қабак шытпай жүру,үлкеннің
пты болу,өсек айтпау,бала тәрбиесін білу,
еу, ана тілін ардақтау,орынсыз сөз айтпау,
лу,кілем тоқи

әрекеттер мен мінез-құлықтық қасиеттер
ыздың бойында болу керек деп есептеген»

бағаланады.Ол ең әуелі өріс кеңітер ұрпақ,
ың шаттығы қадірлі қонақ.Дүниеге қыз

лды-қыз»-деп қуанған.Қыз атауы, менімше
түрік сөзімен қалған.Сөне түрікше:куз-күз-күй-күйкен тіркес-тері

көз-өріс,шырақ немесе қыз-қиқын,қыз-қырқын болып түрленген.

Баланы:күт-ку-кү-хү-күй-хэд деп атаған. Қазақтар қызды күні
бүгінгі дейін өріс, шырақ, көзімнің қарасы деп теңей айтады.Саян

түріктері қызды-күйкін деседі. Көріп отырғанымыздай тәрбиелеу
қазақ ілімінде айқын мақсат,сенімді мұрат, жеткілікті үлгі-өнеге

болғандықтан әркез тұрақты ұлт өкілі-қазақ азаматы қалыптасып
отырған.Мұраттар мен мақсатты жұрт жаппай толық түсініп,

барлығы бірдей мойындап, жүрегіне жеткізіп қабылдаған.
Сондықтан да, аталған мұраттар мен мақсаттар қазақтардың

сүйегіне сіңіп,қанына жұғысып, рухына араласып кеткен.Осы
негізде бір текті,бір тілді,бір ділді, бір дінді ала-құласыз халық

қалыптасқан.Осы ортаға тап келген шарана да шайқалып,бөгде де
бөленіп,ұлт өкілі болып өңделетін.Бұл жағынан тәлім-тәрбие ісі бір

ізді, тұрақты болып,нәтижесі тамаша табысқа жеткен.Қазақ ілімінің
мұрат мақсатының еркше-лігі: қысқа да нұсқа,тәрбиелеуші де,

тәрбиеленуші толық түсініп ұғынарлық болған. Мыс-алы; «өмірге
есті де,епті ата-ана дайындау, немесе аяулы азамат,асыл жар

тәрбиелеу» т.б.

Мұраты, барлық адамдарға ортақ,ұзақ уақыт ұстануға, басшылық
етіп, бағыт-бағдар болдыруға тұрарлық терең мазмұнға құрылады.

Мақсат-әр жастағы, әр жыныстағы адамдардың ерекшелігін
ескерген, тәрбиелеу амал-тәсілдерін таңдап алуға тікелей көмек-

тесетін айқын болады.Мысалы; «бек ұл,пәк қыз», «иманды ұл,
ибалы қыз» т.с.с. Ұлттық тәрбиелік мақсаттар ұғымды болумен

қатар бұлтарыссыз сенімді келеді. Имандылық тәрбиесінде
алдымен баланы тек жақсылыққа-қайырымдылық, мейірімділік,

ізгілікке тәрбиелеп, соны мақсат тұтса, ұстаздың, ата - ананың да
болашағы зор болмақ. «Мен үш қасиетімді мақтан тұтам»,- депті

Ақан сері. Олар: жалған айтпадым, жақсылықты сатпадым һәм
ешкімнен ештеңені қызғанбадым.Бұл үш қасиет әркімнің өз

құдайы. «Өз құдайынан айырылған адам бос кеуде, өлгенмен тең»
деген екен. Шындығында бұл ақиқат.


Олай болса, жеке тұлғаны қалыптастыруда, олардың жан дүниесіне сезіммен қарап, әрбір іс-әрекетіне мақсат қоюға, жоспарлауға, оны орындауға, өзіне -өзі талап қоя білуге тәрбиелеу-имандылықтың басты мақсаты. Мақсатқа жету үшін сан алуан кедергілер болуы мүмкін. Ондай қасиеттерді бала бойына жас кезінен бастап қалыптастыру жеке тұлғаны қалыптастырудың негізін қалайды. Қазақ ұрпақ тәрбиесінің мазмұнын тым ерте кезден терең пайымдап, өте нақты мақсат қойып, мұрат тұтқан. Мұрат пен мақсатын орындау барысында мынандай ережелер орныққан. Оларды жалпы және жас ерекшелігіне сай деп екіге топтауға болады. Жалпы қағидалар: -тәрбие ісінде тәрбиелеуші де, тәрбиеленуші де, бірдеі жауапты, әрі міндетті; -тіл мен тәрбие егіз; -жастай берген тәрбие жас шыбықты игендей; --тәрбие ортаға байланысты, орта тәлімді болсын; -тәрбие біртұтас болсын; -тәрбиелеу баршаның ісі, қауым міндеті; -тәрбие тал бесіктен, жер бесікке дейін үзіліссіз жүріледі; -тәрбие адамның жас ерекшелігіне және жеке бас ерекшелігіне сай жүргізілуі тиіс; Ерекше қағидалар: -алтыға дейін атаңды таны, жетіге дейін жеріңді таны; -өз тіңмен сөйлем, бала тілімен сөйлес; -тілі шыққан балаға шайнап берген ас болмас; -баланы бес жасқа дейін патшандай қара, он бес жасқа дейін қосшындай сана, он бес жастан соң досындай бағала; -балаға үлкен талап қоюмен қатар оның жеке басын қадірлей біл. -баланың азамат болып қалыптасу негізі он бес жасқа дейін қаланады. Он үште отау иесі боларлықтай етіп, оны өмірге дайында; -үштен-он үш жас аралығында жібек мінез бен биязы әдепті игерт. Егер осы мезгілде биязы әдепті игертпесең, бала өздігінен басқа ұлт, қауымның әдеп-мінезін тауып алады. Онан кейін, ұлттық ділге сай әдеп, әдет игерту қиынға соғады; -үйретуден жалықпа, үйренуден тартынба! -Ұлға отыз үйден тыйым, қызға қырық үйден тыйым. Бұл қағидалар бұзылса, иманды ұл, ибалы қыз дайындау мұраты нәтижесіз болады. Бүгінгі таңда, бұл қағидалардың ескерілмеуінен, сорақы қылықтар мен әдепсіздік көрініс беруде.

Иманипедагогикада басқа педагогикаларда кезікпейтін ерекше мақсат мұраттар да бар. Олардың түп тамыры тым тереңде, есте жоқ ескі дәуірлерге барып тіреледі.

Бірінші. Құт қонып, аруақ қолдап, Қыдыр бабам демеп, бағым ашылса, ырысым тасып, дәулетім молайып, мәртебем өсер еді. Бақытқа кенелетін заман болса екен шіркін! Бұл, асқаралы арман, асыл мұрат, терең мақсат. Тәңірден осылай тілек тілеп, дұға қылу көнеден келе жатқан ырымдық әдет. Ұлттық тәрбиенің негізгі мұраты «сегіз қырлы, бір сырлы» қазақ азаматын дайындау; адагершілігі, кісілігі мол, өнер білімді, шаруаға епті, іске шебер шаңырақ иесін, құт береке дарытқан салиқалы отанасын дайындау екені анық. Сондығы болар, құт ұғымы қазақта тәрбиелік қағида ретінде қалыптасқан.

Халықтық әдет-ғұрыптарда: а) Құтты үлкеннен бата алу, ата

қонысын әулиедей көріп қастерлеу адамның басына қонатын «Бакыт Құсы» немесе Қыдыр деген рәсіммен бекіді; ә) отбасының, мал-жанның өсіп-өнуі, абырой-беделдің жоғарылауы басқа қонған Құтпен байланыстырылды. Содан әулеттің, шаңырақтың берекесін ұстап тұрған қарапайым адамдар (аналар, әйелдер) бүкіл тайпаның, халықтың Құтына айналған тұлғалар болады деген ырым орнықты. Тіпті ата-бабаларға қонған Құт оның ұрпақтарына көшетініне, содан аруақты сыйлау, ата-баба өсиетін қатаң ұстану дәстүрі күш алатынына көміл сенушілік туды. Құт ұғымына қарама-қарсы түсініктер, ырым-нанымдар-апат, сор, жұт, аштық, жоқшылық, құлдық, қорлық, бейнет жағымды нәрсенің құлдыр-ауын, кері кетуін білдірді. Құтқа деген дәмеден қалың жұрттың басынан бағы тайған кезде, жаңа заманды аңсау сарыны да жан-жақты көрініс тапты, жаманнан жирену, үмітке ұмтылу құлшынысы білінеді. Халқымыз баланың жақсы, жаман болуы оның жараты-лысынан деген қағиданы келтірді. Шындығында бала әке, шешесінің бір-біріне деген таза сезімінен жаралуы, ана құрсағында ортаның, үлкендердің, қоғамның ықпалында дамып жетілуі, ана бауырында уызына тойып, сөзінің үніне бағынып өсуі, жарата-лысының дұрыстығы. Діни ұғым бойынша жетесіз баланы «бисмил-ласыз» жаралған деп түсіндіреді. Баланың ата-анасымен, өскен ортасымен ана тілінде қарым-қатынасқа түсуі. Бала әке-шешесі, ата-бабасы өсіп-өнген жерінде өсуі, туған-тұрған жерінің қадір-қасиетін, табиғат сырын терең ұғынып, болашақты жалғас-тыратын ұрпақ екендігін сезініп өсуі, өз өлкесінің суын, нуын қастерлей білуі, ұғынуы. Баланың туған халқының елдік, ұлттық тарихын білуі, оның ашы-тұщы кезеңдеріне мән беріп өсуі табиғи заңдылық. Көшпелі үшін тұтас нәрсе-құдіретті күш, қастерлі құбылыс, құпиялы тылсым дүние, әсерлі де әдемі әлем. Осыдан арғы текке деген-Тәңірге, Ұмайға, Жер-Суға табынушылық (культ-тық өмір сүру), олардың арақатынасына ритуалдық (ғұрыптық) рәсім-салттар қалыптасты. Көшпелі жер кезіп, ел кезіп жүріп, бұрынғымен бүгінгінің бөгде мен жаңаның кәрімен жастың, көргенмен ойдағының арақатынасын білуге тәнті болған. Неге? Өйткені ол дүниені тұтас қабылдаған. Өмірге тура жолды іздеген. Адам болмысында оның жан дүниесі мен рухының ықпалын жоғары қойған. Адамның қабілет-қасиетін жетілдіруді ашық арна ретінде қарастырған. Аруақ пен адам рухын тіршіліктің мәңгі, лаулап тұрған қос қайнар көзіндей қабылдаған. Аруақты сыйлап қадірлеу, оған табынып үлкен үміт арту қазақ үшін қасиетті борыш, адами асыл қасиет. Себебі, аруақ-ұрпағын қолдап қорғап, жебеп жетілдіретін, оң жолға салып, бағыт бағдар беретін, керек десеңіз аян беріп, талант пен дарын сыйлайтын рухани қуат көзі, тәңірлік күшті аура. Өлі разы болмай тірі байымайды.



Өлгенді қадірлемесен де, жәбірлеме. Сондықтан, аруаққа табынып, оған жасалатын күллі ғибадаттар, тәмсіл-рәсімдер адам тәрбиесінде ерекше орны бар іс-әрект. Оны саналы түрде, дұрыс жолмен адал ниетпен атқаруға бағыт бағдар беру имани педагогиканың мақсаты болады.

Екінші. Ұлттық ұтым бойынша Әлемнің әр бөлшегі, Тәңірдің жаратқан әр нәрсесі – иелі, киелі, қасиет-қадырлі ерекше әулиелі келеді. Сондықтан оларға деген аяушылық сезім, ізгілік ниет, жанашырлық адамзатында болуы тиіс. Егер адам бойынан бұл сезімдер мен мінез-құлықтар, қасиеттер жойылса ол хаиуанға айналып, жауыздық жасайды. Оның себебі де түсінікті. Қазақ халқы табиғатқа табына жүріп тағлым алыпты табиғатты өзінің өмірін сақтаушы кие тұтыпты, тіршілігінің мәні мен сәні ретінде ардақтапты. Ия, дәл солай әрбір халықтың дүние танымы сол халықтың өмір өзегінен, тұрмыс – тіршілігінен туындаған

. Табиғаттың алып тұлғасын оның ғаламат күші мен керемет көркіне, жан-жануарлар мен өсімдіктердің жаратылыс бітіміне таңданбау, қызықпау мүмкін бе? Табиғат анадан бізді бөліп әкеткен сол сенімсіздік дерті шығар, табиғаттың бермесін тартып аламыз, жерді де, көкті де бағындырамыз деп астамшылық жасап, өзімізге қажетті бұзып жарып алуға дағдыландық. Соның нәтижесінде табиғаттың тепе-теңдік заңдылықтары бұзылып адам мен жаратылыстың арасында көзге көрінбейтін, көзге көрінетін байланыстар әлсіреп, үзілуге шақ қалған. Тозған жер, суалған көл, құрдымға кеткен бастаулар мен бұлақтар, арнасы кепкен өзендер, жұтаған өсімдік дүниесі мен аты қағазда қалған жан-жануарлар барлығы адамның қатыгездігінен немқұрайды пейілінен, құдіретке сенбеуінің салдарынан құрдымға кетіп барады. Біздің ата-бабаларымыздың неменеге сеніп, неге сыйынғанын содан келіп қалыптасқан ұлттық таным-наным, салт-дәстүр, әдет-ғұрыптардың мән-мағынасына, астарына көбірек көңіл бөле қарасақ, ұлттық тәрбиенің үлгілі өнегесін көрер едік. Обал-сауап, ие-кие-кепиет, астамшылық, күнә-кінә, қылмыс, тәртіп, ереже, заң, әдеп бәрінің бастауы осыларда жатқанын, табиғатты аялау, оны қамқорлыққа алу, қоршаған ортаның таза да табиғи қалпын сақтау бағытында жүргізген қазақ халқының іс-әрекеті, ғұрып-дәстүрі тәрбиелік кең тынысты педагогикалық шаралар екені даусыз. Міне осыларды саралай талдап, жете зерделеп тәрбиешілер мен ұстаздарға ұсыну, ізгілік тәрбиесінің басты міндеті екені белгілі. Ал, оны имандылыққа ұштастырып, зерделей отырып, талдап беру имани педагогиканың асыл мұраты

